

Қызылорда облысы бойынша субсидиялар көлемдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 22 маусымдағы № 816 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 30 маусымда № 5890 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 94 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 28.08.2020 № 94 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 11094 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы бойынша субсидиялар көлемдері белгіленсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Аудандар бойынша субсидиялар көлемдерін (басым дақылдардың егістік алаңдарының болжамды құрылымына қарай) белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 23 маусымдағы № 498 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5555 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2016 жылғы 19 шілдеде жарияланған);

2) "Аудандар бойынша субсидиялар көлемдерін (басым дақылдардың егістік алаңдарының болжамды құрылымына қарай) белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 23 маусымдағы № 498 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 15 қыркүйектегі № 581

қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5610 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2016 жылы 8 қазанда жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің

2017 жылғы "22" маусымдағы

№ 816 қаулысына қосымша

Қызылорда облысы бойынша субсидиялар көлемдері

Аудан (қала) атауы	Барлық субсидия көлемдері, мың теңге	Оның ішінде күрішке, мың теңге	Жаңақорған	281	139
Шиелі	291 395,2	198 000,0		447,5	500,0
Сырдария	373 263,5	313 200,0			
Жалағаш	414 625,0	325 800,0			
Қармақшы	334 839,0	255 690,0			
Қазалы	190 710,5	122 400,0			
Арал	1 637,0	0,0			
Қызылорда қаласы	112 082,3	55 836,0			
Барлығы	2 000 000,0	1 410 426,0			